

**8D01101 - Педагогика және психология (6D010300 - Педагогика және психология) мамандығы
бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Аскар Жолдасбекович Куватовтың «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық
шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік даму бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, 43 бап. - «Дене шынықтыру туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V, 9, 42 бап.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Докторант ҚР «Білім туралы» Заңы (2007), ҚР Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашасындағы №521 бұйрығымен ҚР 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен, мұнымен бірге басқа да ресми құжаттарды қажетімізге алып, олардың басым бағыттары мен ұстанымдарына сәйкес зерттеу жұмысын ғылыми талапқа сай жүргізген.

		<p>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ. аясында орындалған;</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2018 жылы 31 қазанындағы №600 бұйрығы оқуға қабылдану бағдарламасының үлгілік қағидаларын бекіту бағыты бойынша сәйкес келеді.</p>	
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Докторлық диссертация шеңберінде жасалған зерттеу жұмысы ғылымға айтарлық үлес қосатыны докторанттың диссертация тақырыбы бойынша шетелдік және отандық басылымдарда жарық көрген ғылыми мақалаларымен дәлелденген. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы толық көрсетілген. Докторант студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындаған.</p>

3. Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Докторанттың диссертацияны жазу деңгейі – жоғары. Жазудың жоғары деңгейі докторанттың ғылыми әдебиетпен, нормативтік құжаттармен жасаған жұмысында, тұжырымдамаларында, диагностикалық инструментарияларды іріктеуінде, зерттеу нәтижелерін сандық және сапалық талдауында, қорытындыларында көрініс тапқан.</p>
4. Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>4.1 Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың амалдардың, технологиялар кешенінің жете таңдалмауы, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруын зерттеуде олардың жеке мүмкіндіктерінің ескерілмеуі, проблеманың теориялық және әдіснамалық тұрғыда жеткілікті зерттелмеуі сияқты қарама-қайшылықтар анықталып, оларды шешу көкейкесті болып табылды.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұнында студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруды тұлғалық, іс-әрекеттік тұрғыда қарастырылып, толықтай диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>4.3 Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеудің тақырыбына сәйкес келеді. Әдіснамалық нысаннан қайшылықтар түзіліп, оның тақырып таңдауға ықпалы екенің анық байқалады. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерінің қорлануы мен оған қызмет етер педагогикалық шарттары жүзеге асырылу амалдары ұсынылған. Болжамнан жеті міндеттері айқындалып, оның іске асырылуы үш бөлімде жан-жақты ашылған. Зерттеу жұмысының міндеттері мақсатын нұсқалы тұрғыда нақтылай келіп, оқу құралы арқылы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерін арттыру барысында</p>

	педагогикалық алты шартты ұлттық бейімге сәйкес дамыта алу моделіне ғылыми тағылымдық тұрғыдан дәйектеуімен, оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруден өткені байқалды. Оның өзі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: <u>1) толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	4.4 Диссертацияның барлық тараулары мен құрылысы өзара логикалық толық байланысқан. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін толықтай білдіреді. Зерттеу жұмысы толық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан сәйкес келеді.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <u>1) сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	4.5 Ғылыми материалдарға, нормативтік құжаттарға сыни талдау жасап, автор келесі тұжырымдарды ұсынады: - ұсынылатын тұжырым ретінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық-тағылымдық негіздері айқындалды; - бойынша гносеологиялық және аксиологиялық тұрғыда студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың іс-әрекетінің субъектісі (Кунның теориясы), оның ішкі мотивациясының, қажетсіну уәжінің, рефлексиясының негізінде жеке мүмкіндіктерінің парадигмалық өрістерде айқындалып, тұлғалық болмысының сыни бағаммен өркендеуі қалыптасты; - студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда қозғалыс белсенділігінің тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы ашылды; - студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі айқындалып, оқу құралы ұсынылды;

		<p>- студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру амалдары мен тұжырымдары жіктеліп, сараланды;</p> <p>- студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісін білімденудің жаңа инновациялық технологиялары мен шарттары құрылды;</p> <p>- ұсынылатын тұжырым ретінде барлық тұжырымдар негізінде студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үдерісі эксперимент арқылы тексерілді.</p> <p>Әрбір тәжірибелік-эксперимент кезеңдері (үш кезең) жеке-жеке талданған. Өлшемдіктері мен көрсеткіштері дене шынықтыру пәніне ыңғайланған. Ішкі интеллектуалды әлеуетті үш деңгей арқылы жіктеуімен талданған. Оқыту қағидаттары мен әдіс-тәсілдері, анықталған білім беру деңгейлері және оларға берілген психологиялық тұрғыдан тұжырымдары дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерімен салыстырылып бағаланған.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады).</p>	<p>5.1 Диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеудің ғылыми жаңалықтары:</p> <p>1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық негізі. <u>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа.</u> Отандық, шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындаған.</p> <p>2) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде стохастикалық парадигмасының алар орны. <u>Екінші ғылыми нәтиже жаңа.</u> Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде зерттеу жұмысына байланысты стахастикалық парадигманың алар орның анықтаған.</p> <p>3) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы.</p>

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы жіктелген.

4) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі, оқу құралы.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізін анықтаған және жұмыстың негізінде оқу құралы шығарылған.

5) студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың амалдары (тұжырымдамасы).

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа. Студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тұжырымдары ұсынылған.

6) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен шарттары.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен оны іске асыратын педагогикалық шарттары ұсынылған.

7) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексеру.

Жетінші ғылыми нәтиже жаңа. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерілген, нәтижелері ұсынылған.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?
1) толығымен жаңа;
2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);

5.2 Диссертация қорытындылары эксперименталды-тәжірибелік жұмыстың сандық және сапалық талдау нәтижелерімен дәлелденген, толығымен жаңа болып табылады.

	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады).	
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады).	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген, «Дене шынықтыру және спорт оқыту әдістемесі» жұмыс оқу бағдарламасына 18 сағаттық 4 модульдер жасалынып, Торайғыров университетінің оқу үдерісіне енгізілгенімен дәлелденген. Және де оқу құралы жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне ендіру жолдарының айқындалуы, оларды енгізу актісі, ғылыми жарияланымдарымен негізделді.
6. Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнертану мен гуманитарлық бағыттары бойынша).	Докторанттың жасаған негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген: - студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық негізіне алдымен педагогика тарихы нысанынан ойлау қабілетін арттыру үдерісінің ғылыми-тағылымдық негіздері толыққанды тұрғыда айқындалды; - денсаулықтың интеллектіге қатыстылығына мән берілген; - «интеллект» ұғымына жан-жақты зерделенген тұжырым-анықтамалар түзілген, «студент» тұлғасының біліктілігінің тән қуатына ықпалы алынған, «жеке мүмкіндігі» парадигмалар арқылы дәйектелген; - студенттердің ішкі интеллектуалдық белсенділігін арттыруда жаңа инновациялық технологиялардың атқарар рөлі ашылған;

- «студент» - «ішкі интеллект» ұғымының тағылымы: онтология, аксиология, гносеология ұғымдарының бірлікте келуімен түсіндірілген;

- студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың жолдары, амалдары, әдіснамалық нысаны сараланды, зерделенді;
- студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен шарттары;
- студенттердің ішкі интеллектуалды ойлау қабілеттіліктерін арттыру шарттары білімденудің инновациялық технологияларының түрлерін қажеттілік пен қызығушылығына қарай іс-әрекетте қолдануына мүмкіндіктер қарастырылды;
- оқу құралының құрылымы, тапсырмалар жиыны, диагностикалық карталарымен жұмыс түрлері іске асырылды, жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне енгізілді;
- білім беру ұйымының оқытушыларына зерттеу материалдары мен басылымдарын студенттерге сабақ өткізу, сондай-ақ өздік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында пайдалануға мүмкіндік берілді.

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген ғылыми мақаларында көрініс тапқан. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «ПМУ Хабаршысы», педагогикалық сериясы; Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Торайғыров университеті», «Торайғыров университетінің хабаршысы», педагогикалық сериясы) – 4 жарияланым; халықаралық ғылыми мәліметтер ақпараттық Scopus

		базасында тіркелеген шетелдік журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Spain, Retos, 2023, #49, p. 713-729); 1 оқу құралы; оқу үрдісіне енгізу 7 акт ұсынылған.
7.	Қорғауға шығарылған қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі негізгі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>.</p>
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер ұсынылған	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - мен негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>8.1 Әдіснама негізделген және нақты жазылған. Докторант философиялық, психологиялық-педагогикалық теорияларды; әдіснамалық тұрғыдан (тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелік) және</p>

<p>ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>мотивациялық, эмоционалдык, коммуникативтік компоненттерді; білімдену технологияларын негізге алған. Зерттеу жұмысы барысында басшылыққа алынған жүйелілік-тұтастық, тұлғалық, синергетикалық, инновациялық, интерактивтік тұғырларды және білім беру мазмұнын меңгеруде қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке байланысты психологиялық ерекшеліктерді басшылыққа алуымен негізделген.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, нәтижелерді алғаны анықталды: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған. Зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; зерттеу мәселесі бойынша нормативтік, заңнамалық құжаттарды оқу және талдау; модельдеу; педагогикалық тәжірибелерге сараптама жасау және қорыту; сауалнама әдістері (сауалнама жүргізу, әңгімелесу); эксперимент, эксперименттік мәліметтерді өңдеудің математикалық статистика әдістері қолданылған. Докторанттың пайдаланған әдістері: контекст – тандау, тұжырымдау, салыстыру, педагогикалық модельдеу, SPSS, бағдарламасы арқылы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерін анықтау бойынша алынған нәтижелері өңделіп, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік</p>	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген. Докторанттың дайындаған оқу құралы «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары» тақырыбына әзірленген. А.Ж. Куватовтың «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тәжірибелік-эксперименттік</p>

	зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ.	жұмысының анықтаушы кезеңі» атты диссертациялық жұмысындағы эксперименттік жұмыстарына Павлодар қаласының, КЕАҚ «Торайғыров университеті», КЕАҚ «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің» барлық 2017-2022жж аралығында үш кезеңдік сынақ тәжірибе жұмысы жүргізілген. Тәжірибелік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы кезеңдері бойынша сабақтастық қағидамен ұйымдастырылғаны анықталды. Эксперименталдық-тәжірибелік жұмыс барысында алынған нәтижелер студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру тиімділігін дәлелдеген.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	8.4 Диссертация тақырыбы негізінде осы саладағы барлық маңызды философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектеріне, ғылыми ізденістеріне, нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, ресми құжаттар мен мәлімдемелерге сілтемелермен расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 229 әдебиет көрсетілген және әдеби шолуға жеткілікті болып табылады. Оның ішінде осы саладағы отандық пен шетелдік ғалымдардың және автордың ғылыми ізденістері бар.
9	Практикалық құндылық принципі	
	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және ол студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру барысында ғылыми-теориялық негіздері туралы түсінігін кеңейту, ішкі ойлау қабілетін арттырудың амалдары мен шарттарын қамтиды.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2 Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары жасалған және оқу үдерісіне «Дене шынықтыру және спорт оқыту әдістемесі» жұмыс оқу бағдарламасына енгізілген 18 сағаттық 4 модульдер мен «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін

	<p><u>1) иә;</u> 2) жоқ.</p>	арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» атты оқу құралы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруға бағытталған.
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	9.3 Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып есептелді. Автордың ұсынған «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» атты оқу құралын жоғары оқу орындарының «дене шынықтыру және спорт» мамандығына енгізу студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруға жақсы мүмкіндік береді.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертациялық жұмыс мәтінінің құрылымы мен оны оны ресімдеу талаптарына сәйкес орындалған.
11. Диссертацияға ескертулер		<p>Докторант сапалы үлкен зерттеу жұмысын атқарған. Дегенмен, диссертацияда келесі кемшіліктер де жіберілген:</p> <ul style="list-style-type: none"> - дене шынықтыру мен спорт жұмысы қатарынан алынып, арасындағы ерекшеліктер аса айқын берілмеген; - диссертациялық жұмыста шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне қарағанда қазақстандық зерттеушілердің еңбектеріне сілтеме аз жасалған; - мәтінде ой қайталаушылық пен әріп, кейбір техникалық қателіктер орын алған. <p>Аталып отырған кемшіліктер диссертацияның маңыздылығына күмән келтірмейді, сондықтан олар жүргізілген зерттеулер мен алған нәтижелердің маңыздылығын төмендетпейді.</p>

<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>Докторант А.Ж. Куватовтың диссертациясының негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, түйіндемелері, қорытындылары жарық көрген ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан негізделген. Олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, халықаралық ғылыми журналдар базасына (Scopus базасы) тіркелген шетелдік ғылыми (Spain, Retos, 2023, #49, p. 713-729) журналында баяндалған.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде А.Ж. Куватовқа 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын.</p>

18.12.2024ж

Ресми рецензент, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті



Ж.А. Усина